



«Айналдым елім»

Жақында Қоянды ауылындағы «Кәусар» әжелер ансамблі 7 жылдығына орай «Атамұра» ұлттық мәдениет орталығында «Айналдым елім» атты есепті концертін өткізді.



Дария ЕРҒАЗИНА

Концертке «Кәусардың» шығармашылық жетістіктерден көрінуіне тілектес өнерсүйер қауым жиналды. Алдымен сөз алған Қоянды ауылдық округінің алғашқы әкімі Мырзағали Ерғалиев ансамбльдің қалай құрылғанын ортаға салды.

16 ауылдық округтің клубтары қарайды. Соның ішінде Қоянды ауылдық клубының шоқтығы биік. Қала әкімдігінің шараларын «Атамұра» ұйымдастырып жүргені белгілі. «Атамұралықтардың» құрамында «Кәусар» тобы да өнер көрсетіп келеді. Өнер жолы – ауыр жол. Әсіресе, жасы келген әжелерге алаңдайтынымыз да рас. Әйт-



«Кәусарлықтар» Г.Алдановаға сыйлық тапсыруда

Оның айтуына қарағанда, топ құрылғанда, бастапқыда құрамында сегіз адам ғана болған. «Баян тартқан азаматтың өзім секілді бойы бөкене еді. Оған өзімнің кестем-шалбарымды сыйға тарттым. Ансамбльдің бастауында жетекшісі Қазына Алпысбаева тұрды. «Кәусар» атына лайық болып, жеті жылдың ішінде өз көрерменін таба білді. Облыс көлеміне танылды», - деді ол ағынан жарылып.

Сонымен бірге, «кәусарлықтарды» Қоянды ауылдық округінің әкімі Мәдина Ахметзянова, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрайымы Роза Қатиева және ауылдық мұсылман әйелдер лигасының төрайымы Қалимаш Ысқақова құттықтап, «орамал тон болмайды, жол болады», деп, шағын сый-сияпат жасады.

Құрамында Шолпан Кежекова, Гүлжан Рамазанова, Нәсипа Әлтаева, Гүлбағыран Қайырбаева, Несіп Малыбаева және баяншы Темірхан Әшілов сынды өнерпаздары бар «Кәусар» өнер айдынына қанат қаққан соң, Қазына Алпысбаеваның екінші жобасы - мектеп оқушылары арасында ақындар өлеңін мәнгерлеп оқитын «Шабыт» тобы құрылады. Айтпақшы, осы кеште талай додаларда топ жарып жүрген «Шабыттың» жас өнерпаздары жергілікті ақындар Жанақ Тілегенұлы, Жұмағали Қоғабайдың өлеңдерін мәнгерлеп оқып, жұртшылықтың айызын қандырды.

- «Атамұра» орталығына

се де олардың қажыр-қайраты мені таңғалдырады. Сахналық киімдерді де өздері тігіп алады. Осы орайда «кәусарлықтарға» «Атамұраның» жұмысы сіздермен алға басуда дегім келеді, - дей келе, «Атамұра» мәдениет орталығының директоры Нұрсұлу Төлеубаева әжелер тобына жағымды хабар жеткізді. - Павлодар қаласындағы сән салонына «Кәусар» тобына жөне сырнаймен сүйемелдеуші өнерпазға сахна киімдеріне тапсырыс бердік. Жаңа жылдан бастап «Кәусар» тобын жаңа киім үлгісінде көресіздер.

Нұрсұлу Еркебайқызы ансамбльге алғыс хат пен ақшалай сыйлық табыстады.

«Кәусарлықтар» ел алдында әннің кәсіби деңгейде орындалуын қадағалап, шыңдап жүрген көркемдік жетекшілері Гүлмира Алдановаға ықылас көрсетіп, сырға мен алқа тарту етті.

Айта кетерлігі, «Кәусар» Екібастұз ауылдық клубтары арасында өткен «Кимешектер шеруі» байқауында да белсенділік танытты. Сонымен қатар, облыстық «Ерлікке тағзым» фестивалінде лауреат атанды.

Күмісхан Сағындық басқаратын Қоянды ауылдық клубының өнерпаздары халық өндерін, ел арасына кеңінен тараған танымал ақындардың сөзіне жазылған композиторлардың өндерін келістіре орындап, тыңдаушыларына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Суретті түсірген В.Фадеев

Редакциядан: Бет қатталып жатқанда, ауылдық клубтардың қалалық байқауында Қоянды клубы «Үздік ауыл клубы» атанғаны жайлы хабар жетті. Құттықтаймыз!